

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНА ЕНГІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ

*Базилова А.А.¹, Каймулдинова К.Д.², Сабденалиева Г.М.³

^{*1,2,3}Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Тұрақты даму мәселелері қазіргі таңда ең өзекті болып отыр. Білім беру негізі тұрақты даму мақсаттарына бағытталады. Зерттеу жұмысында тұрақты даму мақсаттарының білім беру үдерісінде алатын орны мен маңызы талданған. Тұрақты дамудың негізгі мақсаттары география ғылымымен байланысты болып келеді. Жұмыста сапалы білім беру мақсатының міндеттері мен индикаторлары сипатталған. Шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінде тұрақты даму мәселелерінің қамтылуы және тәжірибелік жұмыстарына шолу жасалынған. Тұрақты даму тұжырымдарының шетелдерде іске асырылу бағыттары қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша әдіснамалық, ғылыми, педагогикалық әдебиеттерге, халықаралық деңгейде қабылданған бағдарламалар мен құжаттарға талдау жасалды. Тұрақты даму мақсаттарының мектеп бағдарламаларында қамтылу деңгейі зерделеніп, жүзеге асыру жолдары айқындалды. Осы тұрғыда шолу жасалған дереккөздердің тұрақты даму мәселелерін зерттеу деңгейі, зерттеу тақырыбына қатысты өзектілігі талданды. Зерттеу жұмысында жалпы білім беретін мектептердің география оқу пәні бағдарламасының мазмұнына тұрақты даму мақсаттарының идеяларын жүзеге асырудың жолдары қарастырылған. Қазақстандағы мектеп географиясының типтік оқу бағдарламаларының мазмұнына тұрақты даму мақсаттарын қамту мүмкіндіктері тұрғысында талдау жүргізілді. Талдамалық материалдар кесте түрінде жинақталып, оқу үдерісінде тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндіктері ретінде ұсынылды. Зерттеу барысында тұрақты даму үшін білім беру мәселесін мектептердің оқу үдерісіне, соның ішінде география пәні мазмұнымен байланыстыра енгізу мүмкіндіктері туралы талдау жүргізілді. Тұрақты даму мақсаттарын мектеп географиясына «Әлеуметтік география және тұрақты даму» атты элективті курс ретінде енгізудің әдістемелік жолдары берілді.

Тірек сөздер: тұрақты даму, білім беру, мектеп географиясы, тұрақты даму мақсаттары, сапалы білім, әлеуметтік география, қоршаған орта, оқу бағдарламасы

Кіріспе

«География» мектеп пәнінің бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігі - бұл гуманистік дүниетанымды қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге елеулі үлес қосуға мүмкіндік беретін қоғамдық және жаратылыстану бағытындағы жалғыз пән болып табылады. Мектеп географиясы, соның ішінде әлеуметтік география курсы білім беруде тұрақты даму идеяларын жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады. Себебі, мектеп географиясы мазмұнында тұрақты дамудың ұштағанды негізінің (экономикалық, экологиялық және әлеуметтік) кеңістік заңдылықтары қамтылған. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп географиясының тұрақты даму үшін білім беру мүмкіндіктерін тұрақты дамудың нақты мақсаттарына сүйене отырып, шетелдік тәжірибе негізінде талдадық.

Білім - бұл тұрақты дамуды жүзеге асыратын ең басты үдеріс. Қазіргі кезде білім берудің жаңа парадигмалары қалыптасуда. Жалпы білім беретін

мектептердің оқу бағдарламаларына тұрақты дамудың негізгі мақсаттарын енгізу бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда.

Тұрақты даму әлеуметтік, экономикалық және экологиялық үш аспектінің тоғысуы арқылы жүзеге асырылатын маңызды құбылыс. Барлық елдердің күн тәртібінде тұрақты дамудың мақсаттары қарастырылып келеді. Соның ішінде, Қазақстан мемлекеті де біртіндеп географиядан жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламаларының мазмұнында тұрақты дамудың идеяларын жүзеге асырудың жолдарын ұстанып келеді. Мектептегі барлық пәндердің ішінде география тұрақты даму үшін білім берудің кең мүмкіндіктеріне ие болып келеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбы бойынша әдіснамалық, ғылыми, педагогикалық әдебиеттерге, халықаралық деңгейде қабылданған бағдарламалар мен құжаттарға талдау жасалды.

Тұрақты даму - бұл адамзаттың қоршаған ортаға кері әсерін тигізбей, табиғи негізді сақтай отырып, өмір сүретін қоғамның дамуы. Адамзат өзінің қажеттіліктерін болашақ ұрпаққа зиян келтірмей пайдалану жолдарын ұстанады. Тұрақты даму тұжырымдамасы адамзаттың ұзақ мерзімді дамуының алғышарты ретінде қарастырылады. Тұжырымдама қоршаған ортаның деградация жағдайына ұшырамай өту мүмкіндігін меңзейді. Жалпы адамзат үшін бұл тұжырымдама экологиялық білім мен ақпаратты еркін алмасуға, қаржы ресурстарға бай аймақтардың кедей аймақтарға мақсатты түрде қолдау көрсететін қозғалысы ретінде түсіндіріледі.


Тұрақты даму - бұл үйлесімді даму, яғни табиғат ресурстарын пайдалану, инвестициялар, ғылым мен технологиялық дамуға бағдарлану, адамның қажеттіліктері мен ұмтылыстарын қанағаттандыру үшін қазіргі және болашақты қамтамасыз ететін үйлесімді даму үдерісі. Бұл өз кезегінде адамдардың өмір сүру сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ететін болады. БҰҰ 2015 жылдан бері тұрақты дамудың он жеті мақсаттарын Күн тәртібінде қойып келе жатқан мәселелердің ішіндегі ең маңыздылары болып саналады. Бұл мақсаттар бір-бірімен өте тығыз байланысты және әр мақсат бірнеше міндеттер мен көрсеткіштерден тұрады (1-сурет). Тұрақты дамудың 17 мақсаты айтарлықтай географиялық мазмұнға ие болып келеді.

кедейшілікті жою	аштықты жою	жақсы денсаулық және қолайлы өмір сүру	сапалы білім	гендерлік теңдік
таза су және санитария	арзан және таза энергия	лайықты жұмыс және экономикалық өсу	индустрияландыру, инновация және инфрақұрылым	теңсіздікті азайту
тұрақты қалалар мен елді мекендер	жауапты тұтыну мен өндіріс	климат өзгерісімен күрес	теңіз экожүйесін сақтау	күрлық экожүйесін сақтау
бейбітшілік, әділеттік және тиімді институттар		тұрақты даму мүддесіндегі ынтымақтастық		

Сурет 1 - Тұрақты даму мақсаттары

Тұрақты дамудың әр мақсаты география ғылымымен тығыз байланыста екені көрініп тұр. Мысалы, климат өзгерістерімен күрес мақсаты - ғаламдық климаттың жылыну проблемалары, оларға әсер ететін факторлар, себебі мен салдарын анықтауда географияның заңдылықтарына міндетті түрде сүйенетін болады. Ғаламдық климаттың өзгерісін болдырмау үшін дүниежүзі елдерінің әрқайсысы өзіндік үлесін қосу керек. Сол елдің азаматтарының бойында жаһандық жауапкершілікті қалыптастыру керек. Сол кезде ғана тұрақты дамудың мақсаттары жүйелі түрде жүзеге асатын болады. Ғаламшардың әр тұрғынында жаһандық жауапкершілікті арттыру үшін міндетті түрде білім алу керек, өмір бойы оқу керек. Тұрақты дамудың 4-ші мақсаты сапалы білім алуға арналған [1].

Сапалы білім берудің міндеттері мен индикаторлары өзіндік ерекшеліктерге ие болып келеді (2-сурет). Мұнда барлық адамдар тегін бастауыш білім және орта білім алу керек. Яғни, бұл қарапайым оқи алу, есептей алу, жаза алу, айта алу т.б. базалық дағдыларды меңгеруі керек. Жалпы білім беретін мектептерде білікті мұғалімдердің санын жылдан жылға көбейту үшін көптеген бағдарламалар әзірленіп отыру керек. Бұл өз кезегінде тұрақты дамудың сапалы білім беру мақсаттарын жүзеге асыруға жол ашатын болады.



Сурет 2 - Тұрақты дамудың сапалы білім беру индикаторлары [2]

Сондықтан географтар планетада болып жатқан экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үдерістердің дамуын зерттеуге және болжауға бағытталған ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысады. Олар табиғат пен қоғамның өзара іс-қимылын оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының мектептерінде білім алушылар бастауышқа дейінгі білім, бастауыш сынып, негізгі және орта білімді тегін алады.

Mroz A., Ocetkiewicz I., Tomczyk L., Wa-lotek-Scianska K., Rott D. Краков педагогикалық университетінің (Польша) ғылыми қызметкерлері орта мектептің білім беру бағдарламаларына тұрақты даму тұжырымдарының барысы туралы мектеп мұғалімдерімен зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Барлық мұғалімдер білім берудің әрбір кезеңдерінде өздерінің оқу бағдарламаларына тұрақты даму материалдарын үнемі қамтып отыруы керек. Мектеп - бұл әлеуметтендірудің басты құралы. Ол жас ұрпақты әлеуметтік өзгерістерге дайындау қажет, қиындықтарды еңсеруде және инновацияларға деген дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу, жергілікті және ғаламдық қоғамдық проблемаларды шешуде белсенді көзқарас таныту, әлеуметтік қарым-қатынасты үйлесімді қайта жасауға үйрету керек. Білім беру мекемелері білім алушыларды үлкен өмірге дайындайды. Мысалы, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер мазмұнында қазіргі қоғамның проблемалары, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, демократия, әйелдер мен балалардың құқықтары, әр адамның тұрмыс жағдайына негізделген құрметтеу сияқты тақырыптар кеңінен қамтылған [3].

Исландияның мемлекеттік мектептердің барлық деңгейлеріне (бастауыш, орта, жоғары) арналған оқу бағдарламаларында да тұрақты дамуға бағытталған білім беру көрініс тапқан. Зерттеушілер бұл бағдарламаларда тұрақты даму

идеялары «табиғат және қоршаған орта», «табиғатты тиімді пайдалану», «әлауқат және денсаулық сақтау», «теңдік» және т.б. жетекші ұғымдар арқылы көрініс тапқанын арнайы талдаған [4].

Хорватиялық зерттеушілер (Brkić-Vejmelka J., Pejdo A., Segarić N., 2018) тұрақты даму үшін географиялық білім беру мүмкіндіктерін арнайы қарастырған. Олар тұрақты даму концепциясының жүзеге асырылуы білімді және ынталы тұлғаларға байланысты екенін және географиялық білім берудің артықшылығы мәселелерді экологиялық, экономикалық, технологиялық және әлеуметтік-мәдени тұрғыда қарастыратындығы деп атап көрсеткен [5]. Ғалымдардың пікірінше, оқушыларға тұрақты даму бағытында білім мен біліктіліктер қалыптастыру үшін географиялық білім беру мазмұнын тұрақты даму идеялары тұрғысында өзгерту маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, оқушыларға тұрақты өмір салтын, бейбітшілік пен толеранттылық идеясын, мәдени әртүрлілікті бағалауды үйрету қажет. Зерттеушілер географиялық білім мазмұнында тұрақты даму бағытында білім беруді мектеп жобалары арқылы жүзеге асыруды ұсынады. Біз тұрақты даму идеяларының жергілікті жердегі көріністерін ашуға бағытталған оқушылар жобаларын мектеп географиясының тұрақты даму бағытында білім берудегі тағы бір маңызды мүмкіндігі деп қарастыруымыз керек деп есептейміз.

Германиядағы орта мектепке арналған география оқулықтарын тұрақты даму мәселелерін қамтуы тұрғысында зерттеушілер (Pettig, Kuckuck, 2021) бұл мәселенің география пәні мазмұнында біркелкі емес екендігін атап көрсеткен [6]. Ғалымдар басқа зерттеушілердің деректері негізінде ауыл шаруашылығы, кеңістік айырмашылықтар, су мен жағалаулар, көші-қон ағындарына қатысты азды-көпті қарастырылғанын айта келіп, өз кезегінде энергетикамен байланысты тақырыптарда қандай деңгейде қамтылғанын талдаған. Тұрақты дамудың аса маңызды мақсаттарының бірі «Қолжетімді және таза энергия» деп аталады, сол себепті бұл зерттеуде энергияны тұтыну мен үнемдеу әлеуметтік тұрғыдан өте маңызды тақырыптар екендігі және оқушылар үшін қажеттілігіне назар аударылады. Тюрингия мен Солтүстік Рейна-Вестфалия жерлеріндегі орта мектептердің 15 география оқулықтарының талдамасы бұл оқулықтарда тұрақты энергетика мәселелері тек шолу бағытында және көбінесе экологиялық проблемалармен байланысы тұрғысында берілгені, технологияларға басым назар аударылғанын, энергетиканың нақты әлеуметтік мәселелермен байланысын көрсетуге, оқушылардың сыни көзқарасын дамытуға, оларға балама экономикалық даму жолдарын ұсынуға бағытталмағанын көрсеткен. Осы тұрғыда Қазақстан мектептеріне арналған география оқулықтарында жекелеген тақырыптар бойынша мұндай нақты зерттеулердің жүргізілмегендігін атап өткіміз келеді.

Нәтижелер

Табиғат пен қоғам үйлесімділігін көздейтін тұрақты даму мәселелері қазіргі заманғы Қазақстан мектеп географиясының барлық негізгі тарауларын (физикалық география, экономикалық география, әлеуметтік география,

геоэкология және табиғатты пайдалану, саяси география және геосаясат) қамтиды. Қазақстандағы мектеп географиясының 7-9 сыныптарға арналған бағдарламаларының мазмұны талданды [7]. Талдау барысында оқу үдерісінде тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылды (1-кесте).

Кесте 1 - «Әлеуметтік география» бөлімінде тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндіктері

Бөлім	Бөлімше	Тақырыптар	Тақырыптар аясында ТДМ (Sustainable Development Goal) қамтылу мүмкіндігі
Әлеуметтік география	Халық географиясы	Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай Демографиялық проблемалар Қазақстанда мекендердің проблемалары Урбандалу үдерісі	<ul style="list-style-type: none"> • Zero hunger • No poverty • Good health and well-being • Gender equality • Reduced inequalities • Quality education • Decent work and economic growth • Peace, justice and strong institutions • Partnership for the Goals

Зерттеу жұмысында келтірілген тақырыптар ішінен әлеуметтік географияға қатысты тұрақты даму мақсаттарының кейбіреуіне қысқаша шолу жасадық [8]. Тұрақты дамудың 17 мақсаты ішінде 9 мақсат (кедейшілікті, аштықты жою, денсаулық, сапалы білім, гендерлік теңдік, лайықты жұмыс және экономикалық өсу, теңсіздікті азайту, бейбітшілік, құқықтар мен тиімді институттар, тұрақты даму мақсатындағы әріптестік) әлеуметтік бағытты қамтиды. Көптеген басқа мақсаттар да сайып келгенде әлеуметтік мәселелермен тығыз байланысты, бұл жағдайда да географияның зерттеу пәнінің кеңдігі бізге көмекке келеді, яғни бұл пәннің тұрақты даму мақсатында білім берудегі айрықша маңызын дәлелдейді. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш Халықаралық еңбек ұйымының форумына қатысушыларға сөйлеген сөзінде климаттың өзгеруі мәселесіне қатысты да адамдарды бірінші орынға қою қажеттігін атап көрсетті [9]. Бұл барлық тұрақты даму мақсаттарының әлеуметтік «бейнесі» бар екендігін дәлелдейді.

Соңғы онжылдықта тұрақты даму мақсаттары аясында білім беру Швецияның білім беру саясатының маңызды бөлігі болып саналады. Шведтік білім беру бағдарламаларында ғаламдық экологиялық мәселелерге көп көңіл бөле бастады. Мұғалімдер тұрақты даму мақсаттары негізінде білім беру үшін осы салада жан жақты білім болуы қажет. Бұл пәнаралық және мультипәндік байланыстармен тығыз байланысты. Тұрақты даму ұғымы биология және география пәндерінде маңызды орын алады. Бұл екі пән мазмұнындағы бөлімдерде тұрақты даму мәселелері қамтылған болатын. География оқулығында экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа

бағытталған жаттығулар берілген. Мысалы, жекеменшік автокөліктер қозғалысына тыйым салу мүмкіндіктерін климаттық мақсатқа қол жеткізу тұрғысынан қарастырады. Қоршаған ортаға шығаратын зиянды газдарды азайту бағытында көптеген сұрақтар да қамтылған. Оқулықтағы жаттығуларды орындауда сыни тұрғыда бағалауға үйренеді. География оқулықтары тұрақты даму идеяларын жүзеге асырудың бірден бір құралы болып есептеледі [10].

Экологиялық сана қалыптастырудың мәселелері отандық білім беру жүйесінде ұзақ уақыттан бері зерттеліп келе жатыр. Мұнда адамның іс-әрекеті биосферадағы өзгерістермен тікелей байланысты. Экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы білім алушылардың экологиялық санасын, яғни қоршаған ортаға деген көзқарасы мен қарым-қатынасын қалыптастыруға болады [11].

Біз тұрақты даму идеяларының әлеуметтік география тұрғысында 8-сынып оқушыларына «Әлеуметтік география және тұрақты даму» атты элективті курс ұсынып отырмыз (2-кесте).

Тұрақты әлеуметтік дамудың негізін теңқұқылы қоғам құру, кедейшілікті жою, жұмыссыздықты азайту, гендерлік теңсіздікке жол бермеу, ашаршылықты жою, сапалы білім алуға қол жеткізу, жақсы денсаулық және халықтың әлауқатын жақсарту, таза су, онша қымбат емес энергия, лайықты жұмыспен қамтамасыз ету, тұрақты елді-мекендерді дамыту, халықтың тұтынуындағы жауапкершілігін арттыру, климаттың өзгерісімен күресу, теңіз және құрлық экожүйелерін сақтап қалу, тұрақты әлем қалыптастыру және тұрақты даму аясында ынтымақтастық құрайды. Бұлардың барлығы адами ресурстар арқылы тұрақты даму мақсаттары орындалады. Демократия мен әлеуметтік даму үшін өте маңызды болып табылатын адамның өмір саласына әсер ететін қоғамдық істерге еркін қатысуы ерекше рөл атқарады.

Жалпы тұрақты даму бағытындағы аталмыш курс материалдарын зерделеу барысында оқушылар – тұрақты дамудың мақсаттарын мектеп географиясы мазмұнындағы тақырыптарды игеруде әлеуметтік география бағытында зерделейді. Мұндай жұмыстарға кедейшілікпен күрес, аштықты жою, гендерлік теңдік, сапалы білім беру, гендерлік теңсіздікке жол бермеу, тұрақты қалалар мен елді-мекендерді дамыту, халықтың өмір сүру деңгейі мен өмір сүру сапасын жақсарту және т.б. жатқызуға болады.

Кесте 2 - «Әлеуметтік география және тұрақты даму» элективті курс мазмұны

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілу түрі
8-сынып (34 сағат, аптасына 1 сағат)			
1	Курстың мақсаты мен міндеті. География пәніндегі әлеуметтік мәселелер және тұрақты даму	1	Дәріс, әртүрлі конференциялар мен видеофильмдер
2	Тұрақты дамудың 17 мақсатының географиялық аспектілері	2	Дәріс, тұрақты дамуға қатысты нормативтік құжаттар (декларация, конференциялар, есептер)
3	Демография ғылымы және оның салалары	3	Дәріс, шетелдік және отандық демограф ғалымдардың зерттеулері туралы бейнефильмдер
4	Халық санын анықтау әдістері. Халық санағы.	4	Дәріс, зерттеу мекемелерімен танысу
5	Жер шарындағы халық санының динамикасы	5	Дәріс, диспут

6	Практикалық жұмыс №1. Әлем халқы санының өсуінің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәні	6	Зерттеушілік жұмыстар
7	Ұдайы өсудің көрсеткіштері	7	Дәріс, ізденіс жұмыстары
8	Адам капиталы және дәстүрлі ұдайы өсу түрі	8	Зерттеушілік жұмыстар
9	Әлем елдерін жіктеу	9	Зерттеушілік жұмыстар
10	Қазіргі заманғы ұдайы өсу көрсеткіші тән елдер	10	Зерттеушілік жұмыстар
11	Миграция және оның адамдардың қоныстауына ықпалы	11	Дәріс, дебат
12	Практикалық жұмыс №2. Ұдайы өсу түрі бойынша дүниежүзі елдерін жіктеу және қорытындылау жасау (Азия аймақтары мысалында)	12	Тәжірибелік жұмыстар
13	Халық саны көп елдердің туу, өлім көрсеткіштері және сәбилер өлімі	13	Дәріс, жарыс сабақ
14	Көпұлтты және бірұлтты мемлекеттегі халықтың жас және жыныстық құрылымы	14	Дәріс, топтық жұмыс
15	Жеке елдер бойынша халықтың жастық-жыныстық құрылымы пирамидасына талдау (дамыған және дамушы екі елдің мысалында)	15	Зерттеушілік жұмыстары
16	Дамыған елдердегі әлеуметтік жағдайлар	16	Дәріс, саяхат сабағы
17	Урбандалу деңгейінің мәселелері (қала, ауыл)	17	Дәріс, ірі қалаларға саяхат жасау
18	Практикалық жұмыс №3. Қазақстанмен шекаралас елдерінің демографиялық жағдайын талдап, басты көрсеткіштерін есептеу және графикалық түрде ұсыну	18	Зерттеушілік жұмыстар
19	Статистикалық көрсеткіштерді пайдаланып, Еуропадағы демографиялық жағдайды талдау және оны ҚР салыстыру	19	Зерттеушілік жұмыстар
20	Статистикалық көрсеткіштерді пайдаланып, Азиядағы демографиялық жағдайды талдау және оны ҚР салыстыру	20	Зерттеушілік жұмыстар
21	Статистикалық көрсеткіштерді пайдаланып, Америкадағы демографиялық жағдайды талдау және оны ҚР салыстыру	21	Зерттеушілік жұмыстар
22	Статистикалық көрсеткіштерді пайдаланып, Орталық Азия елдерінің демографиялық жағдайын талдау және оны ҚР салыстыру	22	Зерттеушілік жұмыстар
23	Халықтың табиғи кемуі мен өсуіне әсер ететін факторлар	23	Дәріс, шығарма шылық ізденістер
24	Практикалық жұмыс №4. Тұрақты қала және елді-мекендер аясында «Болашақ қала» және «Болашақ ауыл» жобасын ұсыну	24	Тәжірибе жұмыстары ғылыми жоба
25	Демографиялық жарылыс	25	Дәріс, диспут
26	Демографиялық дағдарыс	26	Дәріс, дебат
27	Дамушы елдердегі кедейшілік мәселелері	27	Дәріс, эссе
28	Дамушы елдердегі аштықты жою мәселелері	28	Дәріс, зерттеушілік жұмыстар, қабырғалық баяндама
29	Тұрақты даму және демографиялық мәселелерді шешу (жұмыссыздық және гендерлік теңсіздік)	29	Ізденіс жұмыстары баяндама
30	Практикалық жұмыс №5. Еңбекке қабілетті халық санының азаюы және қартаю проблемасы	30	Жоба жұмыстары
31	Демографиялық саясаттың Еуропалық моделі	31	Дәріс, ізденіс жұмыстары Ғылыми мақала
32	Демографиялық саясаттың Азиялық моделі	32	Дәріс, ізденіс жұмыстары ғылыми конференция
33	Демографиялық саясаттың Америкалық моделі	33	Дәріс, шығармашылық жұмыстар, пікір-талас
34	Практикалық жұмыс №6. «ҚР демографиялық бейнесі»	34	Ізденіс жұмыстары Электронды презентация

8-сыныптарға арналған бұл бағдарлама жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде оқушылардың тұрақты даму мақсаттары туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған. Бұл оқушылардың ғаламдық деңгейде ойланып, жергілікті деңгейде шешуге белсенді ат салысатын болады. Яғни оқушылар «әлеуметтік география» бөліміндегі тақырыптарды тұрақты даму мақсаттары аясында меңгеруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар географияның өзекті мәселелеріне қызығушылықпен қарайды, жаһандық құзыреттерін дамытуға септігін тигізеді. Қазіргі кезде тұрақты даму мақсаттарын әлеуметтік тұрғыда зерттеу маңызға ие болып отыр. География ғылымының бүгінгі күнгі зерттеу нысаны кеңейе түскен. Әлеуметтік мәселелерді тұрақты даму мақсаттарына сәйкес кешенді түрде зерттеу өте өзекті.

Мектеп географиясы, соның ішінде әлеуметтік география курсы білім беруде тұрақты даму идеяларын жүзеге асырудың маңызды құралы болып табылады. Себебі, мектеп географиясы мазмұнында тұрақты дамудың ұштағанды негізінің (экономикалық, экологиялық және әлеуметтік) кеңістік заңдылықтары қамтылған.

«Әлеуметтік география және тұрақты даму» курсының негізгі мақсаты: әрбір оқушыға әлеуметтік география мазмұны арқылы тұрақты даму мәселелерін толықтай танып білуге мүмкіндік беру.

«Әлеуметтік география және тұрақты даму» курсының міндеттері: тұрақты даму туралы түсінік қалыптастыру, тұрақты дамудың мақсаттарымен танысу, тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық құрамдас бөліктерін зерделеу, тұрақты әлеуметтік дамудың негізгі мақсаттарын географиялық тұрғыда айқындау, Қазақстанның тұрақты әлемдегі рөлін анықтау. Теориялық біліммен қоса әртүрлі практикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың біліктері мен құзыреттерін арттырып, болашақта тұрақты даму мақсаттары аясында тиімді шешімдер қабылдауына бағыт беру.

Ұсынылып отырған элективті курстың өзектілігі – тұрақты даму мақсаттарының географиялық аспектілерін әлеуметтік география тұрғысында қарастырып, оқушылардың тұрақты дамуға қатысты әлемдік және қазақстандық бейнесін қалыптастыру қажеттілігімен анықталады.

Курстың жаңалығы – тұрақты даму мақсаттарына аясында әлеуметтік географияның мәселелерін шешуде оқушылардың зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыратын, географиялық және статистикалық деректерді өңдеуде күнделікті өмірмен байланыстыру мүмкіндіктерімен анықталады. Оқушылар географиялық ақпаратты ресми сайттардан жинауға, мәтінде көрсетілген деректермен жұмыс істеуге машықтанады, нақты бір шешімдер, ұсыныстар, тұжырымдар жасауға, өз ойларын еркін логикалық баяндауға және өзіндік көзқарасын ортада дәлелдеуге бейімделеді.

Күтілетін нәтижелер:

- «Әлеуметтік география және тұрақты даму» элективті курсы аяқталғаннан кейін оқушылар тұрақты дамудың мақсаттарын сипаттай алады және әлеуметтік географиямен ұштастыра біледі;

- адамзаттың өмір сүру деңгейі мен сапасын жоғарлату әлеуметтік дамудың тұрақтылығының негізі екенін талдау алады;

- оқушылардың әлеуметтік географияға, тұрақты дамуға деген белсенді көзқарастарын жүзеге асыруға, географиялық білімдері мен біліктерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беріледі.

- курс арқылы Қазақстанның тұрақты дамудың әлеуметтік географиялық бағытындағы мәселелерді анықтап, шешудің жолдарын айқындай алады;

- тұрақты дамуды қамтамасыз етуде әлеуметтік географияның рөлін бағалай алады;

- зерттеушілік, шығармашылық, жобалық тапсырмаларды орындау арқылы бір-бірінің ой пікірін тыңдауға, құрметтеуге, қарым-қатынас орнатуға, креативті идеялар арқылы қорытындылар жасауға үйренеді.

«Әлеуметтік география және тұрақты даму» элективті курсында пәнаралық байланыстар (информатика, экология, химия, биология т.б.) жүзеге асырылады, бұл оқушылардың жалпы алғанда дүниетанымын кеңейтумен қатар, әлемнің демографиялық бейнесін тұрақты даму мақсаттары аясында қалыптастыруына ықпал етеді.

Оқушылардың сабақтағы іс-әрекеттерінің барлық түрлерін бағалау оқушының алған балдарын қосу әдісімен жүргізіледі. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалау түрі пайдаланылады, ол оқушының оқуға, география пәніне, тұрақты дамуға деген қызығушылығын арттырады. Әрбір оқу пәні бойынша жоғары балл оқушының белгілі бір оқу кезеңінде, іс-әрекеттің белгілі бір түрін орындағанда, сондай-ақ оқушылардың іс-әрекетін бақылаудың ағымдық, аралық, қорытынды формаларында алған балдарын қосу арқылы анықталады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі оларды оқыту және тәрбиелеуде нақты алған нәтижелерді қадағалауды және оларды әрі қарай жетілдіруді көздейді.

Талқылау

Жалпы тұрақты даму идеяларын білім беру саласына енгізіп қарастыру керек. Оның ішінде әлеуметтік география бөлімі қарастыратын болса, негізгі тұрақты дамудың мақсаттарын жан-жақты талдап оқыту керек. Ол дегеніміз оқушыларға ең алдымен қоршаған ортаны түсінуге, қарапайым және қиын мәселелерді шешуге, болашаққа қауіп төндіріп тұрған кедейшілік, аштық, денсаулық мәселесі, гендерлік теңсіздік және т.б. мәселелерді түсінуге атсалысып, жаңа тың идеяларды алып келуге мүмкіндік тудыратыны сөзсіз.

2002 жылғы Тұрақты даму жөніндегі Дүниежүзілік саммитте тұжырымдалған адамзаттың тұрақтылыққа жетуінің төрт қағидасы білімнің төрт негізі болып табылады:

- қойылған мақсат-міндеттерді мойындау;
- ұжымдық жауапкершілік және сындарлы серіктестік;
- батыл қадамдар;
- ауызбіршілік пен адамгершілік.

Яғни, білім беру тұрақты дамудың алғашқы элементі болып табылады. Ол тек ғылыми және техникалық дағдыны қалыптастырып ғана қоймайды, сонымен қатар жас ұрпақтың танымдық, қоғамда өмір сүру, әрекеттену дағдыларын қалыптастыру арқылы ынталандырып отырады. Халықаралық қауымдастық білім беру арқылы білім алушыларға тәлім-тәрбие дағдысын және өмір сүру салтын тұрақты дамыған болашақ үшін қалыптастыруға болады деп есептейді. Білім беру саласы тұрақты даму идеяларына экономикалық, экологиялық, әлеуметтік салалары бойынша ұзақ мерзімді дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін оқу процесі болып табылады.

ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одри Азуле білім берудің болашағы туралы баяндамасында бүкіл әлемде қолданылатын, болашаққа нық бағытталған, адам құқықтарына негізделген оқытудың алуан түрлі және жемісті тәсілдеріне мән береді. Климаттың өзгеруінің жеделдеуінен біздің планетамыздың осалдылығы айқынырақ байқалуда. Теңсіздік, әлеуметтік фрагментация және саяси экстремизм көптеген қоғамдарды дағдарысқа алып келді. Сандық байланыс, жасанды интеллект және биотехнологиядағы жетістіктер үлкен әлеуетке ие, бірақ сонымен бірге этикалық және басқарушылық проблемаларды тудыруда. Білім және білім беру адамзаттың сын-қатерлер мен балама өнертабыстарға жауап беру үшін ең маңызды жаңартылатын ресурстары болып табылады. Осы тұрғыда Білім өзгермелі әлемге жауап беріп қана қоймай, бүкіл әлем жүрісін өзгертуге шамасы бар екендігін баса айтқымыз келеді.

Тұрақты дамудағы ең басты мақсаттарын сапалы білім беру негізінде жүзеге асыру керек және бұл идеялар қоғамның барлық жастағы адамдарына бірдей түсінікті болуы қажет. Адамзаттың ұжымдық ақыл-ойын пайдалану үшін өмір мен танымның көптеген бай тәсілдерін жұмылдырып, ол өз кезегінде жастар, педагогтар, азаматтық қоғам, үкіметтер, іскер топтар және басқа да мүдделі тараптар қатысатын кең, ашық консультативтік процеске сүйену керек.

Ғалымдардың пікірінше, оқушыларға тұрақты даму бағытында білім мен біліктіліктер қалыптастыру үшін географиялық білім беру мазмұнын тұрақты даму идеялары тұрғысында өзгерту маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, оқушыларға тұрақты өмір салтын, бейбітшілік пен толеранттылық идеясын, мәдени әртүрлілікті бағалауды үйрету қажет. Шетелдік зерттеушілер географиялық білім мазмұнында тұрақты даму бағытында білім беруді мектеп жобалары арқылы жүзеге асыруды ұсынады.

Қорытынды

Білім беру тұрақты дамудың алғашқы элементі болып табылады. Ол тек ғылыми және техникалық дағдыны қалыптастырып ғана қоймайды, сонымен қатар жас ұрпақтың танымдық, қоғамда өмір сүру, әрекеттену дағдыларын қалыптастыру арқылы ынталандырып отырады. Халықаралық қауымдастық білім беру арқылы білім алушыларға тәлім-тәрбие дағдысын және өмір сүру салтын тұрақты дамыған болашақ үшін қалыптастыруға болады деп есептейді. Білім беру саласы тұрақты даму идеяларына экономикалық, экологиялық,

әлеуметтік салалары бойынша ұзақ мерзімді дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін оқу үдерісі болып табылады.

Тұрақты даму аясында білім алушылардың қоршаған ортаны қорғауда, экономикалық өміршеңдікке қол жеткізу үшін, әділетті қоғам құруда білім, дағдылар мен құндылықтарға сүйене отырып, маңызды шешімдер қабылдай алады. Бұл өмір бойы сапалы білім алудың бір бөлігі болып саналады. Тұрақты даму үшін білім біртұтас және қағидатқа негізделген жаңа білім беру жүйесін, оқу мазмұны мен оқу нәтижелерін, педагогикалық әдістер мен оқу ортасын қарастырады. Бұл когнитивтік, әлеуметтік, эмоционалдық және тәрбиелік аспектіде қоғамның қайта құру мақсатына жетуді көздейді.

Тұрақты даму мақсаттарын география ғылымының қазіргі тенденцияларымен байланыстырудың маңыздылығы географияның әлемдік дамудың кеңістік заңдылықтарын зерттеу мүмкіндігімен анықталады. Олай болса, мектеп географиясы мазмұнына енгізілетін тұрақты дамуға қатысты ақпарат ғылыми негізделген сипат алуы тиіс. Осы тұрғыда тұрақты дамудың әрбір мақсатының қазіргі география ғылымы тұрғысында зерттелу жағдайын талдануы өте маңызды. Тұрақты даму идеяларын мектеп географиясы мазмұнында жүзеге асыру мүмкіндіктері арнайы зерттеуді қажет ететіндігі анықталды. Зерттеу нәтижелері яғни болашақ география пәні мұғалімдерін даярлауда тұрақты даму мақсаттары туралы материалдарды оқу бағдарламасындағы пәндердің мазмұнына енгізу қажеттілігін көрсетті. Осылайша даярланған мұғалімдер ғана мектеп бағдарламасына енгізілген тұрақты даму мақсаттары туралы білім мазмұнын оқытудың өзіндік тиімділігін арттыра алады.

Жалпы тұрақты даму идеяларын білім беру саласына енгізіп қарастыру керек. Оның ішінде әлеуметтік география бөлімі қарастыратын болса, негізгі тұрақты дамудың мақсаттарын жан-жақты талдап оқыту керек. Ол дегеніміз оқушыларға ең алдымен қоршаған ортаны түсінуге, қарапайым және қиын проблемаларды шешуге, болашаққа қауіп төндіріп тұрған кедейшілік, аштық, денсаулық мәселесі, гендерлік теңсіздік және т.б. мәселелерді түсінуге атсалысып, жаңа тың идеяларды алып келуге мүмкіндік тудыратыны сөзсіз.

Ал мектеп мұғалімдерінің тұрақты даму мақсаттары бойынша білімін жетілдіру оның пән бойынша құзыреттіліктерін арттырумен қатар, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары ұрпақты тәрбиелеуге өз үлесін қосуына мүмкіндік береді деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

[1] ООН Доклад о целях в области устойчивого развития, 2022 год – Режим доступа: file:///C:/Users/User/Downloads/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2022_Russian.pdf [Дата обращения: 10.12.2022]

[2] Цель 4. Качественное образование: цели, задачи и индикаторы – Режим доступа: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/education/> [Дата обращения: 23.03.2023]

[3] Mróz A., Ocetkiewicz I., Tomczyk L., Walotek-Ściańska K., Rut D. Sustainable Development in Secondary Schools Curricula. Polish Context (translated from English by L. Dyankova) //Educational Studies Moscow. - 2020. - № 1. - P.182-194.

[4] Johannesson I. A., Norodahl K., Oskarsdottir G., Palsdottir A., Petursdottir B. Curriculum Analysis and Education for Sustainable Development in Iceland Environmental Education Research, volume №17:3. - 2011. – P.375-391.

[5] Brkić-Vejmelka J., Pejdo A., Segarić N. Sustainable development from the perspective of geography education //European Journal of Geography. - Volume 9, Number 1. – 2018. – P. 121-132.

[6] Pettig F., Kuckuck, M. Narratives of sustainability on energy-related topics: empirical findings from German geography textbooks for secondary schools. //Review of International Geographical Education (RIGEO). - 2021. - №11(2).– P. 605-628.

[7] Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары: География. - Кіру режимі: URL: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/4> [қаралған күні: 18.03.2023]

[8] Типовая учебная программа по учебному предмету «География» для 7-9 классов уровня основного среднего образования Приложение 60 к приказу Министра просвещения Республики Казахстан 16 сентября 2022 года № 399 – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767#z26841> [дата обращения: 23.02.2023]

[9] Генсек ООН: выполнение Целей устойчивого развития висит на волоске. – Режим доступа: <https://news.un.org/ru/story/2023/02/1418612> [дата обращения: 23.02.2023]

[10] Elin B., Ragnar L. Textbooks and action competence for sustainable development: an analysis of Swedish lower secondary level textbooks in geography and biology //Environmental Education Research. - №27:2. - 2021. - P. 279-294.

[11] Капсанова Г.Б. Проблемы формирования экологического сознания //Известия КазУМОиМЯ имени Абылайхана. Серия «Педагогические науки» №2 (33). – 2014. – С. 47-53

REFERENCES

[1] OON Doklad o celyah v oblasti ustojchivogo razvitiya, 2022 god (UN Sustainable Development Goals Report, 2022) Rezhim dostupa: URL: <file:///C:/Users/User/Downloads/The-Sustainable-Development-Goals-Report-2022-Russian.pdf> [UN Sustainable Development Goals Report, 2022] [Data obrashcheniya:10.12.2022] [in Rus.].

[2] Cel' 4. Kachestvennoe obrazovanie: celi, zadachi i indikatory (Quality education: goals, objectives and indicators) Rezhim dostupa: URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/education/> (Goal 4. Quality education: goals, objectives and indicators) [data obrashcheniya: 23.03.2023] [in Rus.].

[3] Mróz A., Ocetkiewicz I., Tomczyk L., Walotek-Ściańska K., Rut D. Sustainable Development in Secondary Schools Curricula. Polish Context (translated from English by L. Dyankova) //Educational Studies Moscow. 2020. № 1 P.182-194.

[4] Johannesson I. A., Norodahl K., Oskarsdottir G., Palsdottir A., Petursdottir B. Curriculum Analysis and Education for Sustainable Development in Iceland Environmental Education Research, volume №17:3. - 2011. – P.375-391.

[5] Brkić-Vejmelka J., Pejdo A., Segarić N. Sustainable development from the perspective of geography education //European Journal of Geography. - Volume 9, Number 1. – 2018. – P. 121-132.

[6] Pettig F., Kuckuck, M. Narratives of sustainability on energy-related topics: empirical findings from German geography textbooks for secondary schools. //Review of International Geographical Education (RIGEO), №11(2). - 2021. – P. 605-628.

[7] Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары: География (Curriculum programs with updated content of the main stage of secondary education: Geograph) - Кіру режимі: URL: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/4> [Data obrashcheniya:18.03.2023] [in Kaz.].

[8] Tipovaya uchebnaya programma po uchebnomu predmetu «Geografiya» dlya 7-9 klassov urovnya osnovnogo srednego obrazovaniya Prilozhenie 60 k prikazu Ministra prosveshcheniya

Respubliki Kazahstan 16 sentyabrya 2022 goda № 399 [Model curriculum for the subject "Geography" for grades 7-9 of the basic secondary education level Appendix 60 to the order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated September 16, 2022 No. 399] Rezhim dostupa: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767#z26841> [Data obrashcheniya: 23.02.2023]. [in Rus.].

[9] Gensek OON: vypolnenie Celej ustojchivogo razvitiya visit na voloske [UN Secretary General: implementation of the Sustainable Development Goals is hanging by a thread] - Rezhim dostupa: URL: <https://news.un.org/ru/story/2023/02/1418612> [Data obrashcheniya: 23.02.2023] [in Rus.].

[10] Elin B., Ragnar L. Textbooks and action competence for sustainable development: an analysis of Swedish lower secondary level textbooks in geography and biology //Environmental Education Research. - №27:2. - 2021. - P. 279-294.

[11] Kapsanova G.B. Problemy formirovaniya ekologicheskogo soznaniya (Problems of formation of ecological consciousness)//Izvestiya KazUMOiMYA imeni Abylajhana. Seriya «Pedagogicheskie nauki» №2 (33). – 2014. – P. 47-53 [in Rus.].

ВНЕДРЕНИЯ ЦЕЛЕЙ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ В ШКОЛЬНУЮ ГЕОГРАФИЮ

*Базилова А.А.¹, Каймулдинова К.Д.², Сабденалиева Г.М.³

*^{1,2,3}КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

Аннотация. Вопросы устойчивого развития на сегодняшний день являются наиболее актуальными. Основа образования ориентирована на цели устойчивого развития. В исследовательской работе проанализировано место и значение целей устойчивого развития в образовательном процессе. Основные цели устойчивого развития связаны с географической наукой. В работе описаны задачи и показатели цели качественного образования. В научных трудах зарубежных ученых освещены проблемы устойчивого развития и проведен обзор практических работ. Рассмотрены направления реализации концепций устойчивого развития за рубежом. По теме исследования проведен анализ методологической, научной, педагогической литературы, программ и документов, принятых на международном уровне. Изучен уровень охвата Целей устойчивого развития школьными программами, определены пути реализации. В этом контексте был проанализирован уровень изучения проблем устойчивого развития рецензируемых источников, актуальность по теме исследования. В исследовательской работе рассмотрены пути реализации идей целей устойчивого развития общеобразовательных школ по содержанию учебной программы по географии. Проведен анализ содержания типовых учебных программ школьной географии в Казахстане на предмет возможности охвата целями устойчивого развития. Аналитические материалы обобщены в виде таблиц и представлены как возможности для реализации Целей устойчивого развития в учебном процессе. В ходе исследования был проведен анализ возможностей включения образовательной проблемы для устойчивого развития в учебный процесс школ, в том числе в соотношении с содержанием предмета география. Предложены методические подходы к внедрению Целей устойчивого развития в школьную географию в качестве элективного курса «Социальная география и устойчивое развитие».

Ключевые слова: устойчивое развитие, образование, школьная география, цели устойчивого развития, качественное образование, социальная география, окружающая среда, учебная программа

IMPLEMENT SUSTAINABLE DEVELOPMENT AIM IN SCHOOL GEOGRAPHY

*Bazilova A.A.¹, Kaimuldinova K.D.², Sabdenaliev G.M.³

*^{1,2,3}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty Kazakhstan

Abstract. The issues of sustainable development are the most relevant today. The foundation of education is focused on the goals of sustainable development. The research article analyzes the place and importance of sustainable development aim in the educational process. The main aim of sustainable development are related to geographical science. The article describes the objectives and indicators of the aim of quality education. The scientific works of foreign scientists highlight the problems of sustainable development and provide a review of practical work. The directions of implementation of the concepts of sustainable development abroad are considered. The analysis of methodological, scientific, pedagogical literature, programs and documents adopted at the international level was carried out on the topic of the study. The level of coverage of the Sustainable Development AIM in school curricula has been studied, and ways of implementation have been identified. In this context, the level of study of the problems of sustainable development of peer-reviewed sources and the relevance of the research article were analyzed. The research article considers ways to implement the ideas of the aim of sustainable development of secondary schools in terms of the content of the geography curriculum. The analysis of the content of standard curricula of school geography in Kazakhstan for the possibility of coverage by the Sustainable Development AIM is carried out. Analytical materials are summarized in the form of tables and presented as opportunities for the implementation of Sustainable Development AIM in the educational process. The study analyzed the possibilities of including an educational problem for sustainable development in the educational process of schools, including in relation to the content of the subject geography. Methodological approaches to the implementation of Sustainable Development AIM in school geography as an elective course “Social geography and sustainable development” are proposed.

Key words: sustainable development, education, school geography, sustainable development aim, quality education, social geography, environment, curriculum

Мақала түсті: 26 сәуір 2024